

СТ 35 ҚЫС

Ceresit

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

«Қабық құрты» минералдық сәндік сылағы

ҚАСИЕТТЕРІ

- төмен температурада жұмыс істеуге арналған;
- соққыға төзімді;
- жоғары бу өткізбеушілігі бар;
- гидрофобты;
- ультракүлгін сәулелерге төзімді;
- атмосфераға және аязға төзімді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛдану САЛАСЫ

Ceresit СТ 35 «Қыс» сәндік сылағы ғимараттардың ішінде және сыртындағы негіздерде, оның ішінде пенополистирол (Ceresit EPS) және минерал-мақта (Ceresit WM) тақталардан тұратын жылу оқшаулағыш қабаты бар қасбеттік жылу оқшаулағыш композициялық жүйелерді құру кезінде «қабық құрты» фактурасы бар сәндік жұқа қабатты сылақ жабындарын дайындауға арналған.

Ceresit СТ 35 «Қыс» бетон, цемент-құм және цемент-әк сылақтар, гипс сылақтар және бітеуіштер, гипсокартон, ағаш-жаңқа тақталар және т.б. сияқты негіздерде қолданылады.

-5°C-тан бастап +20°C дейінгі температурада жұмыстарды орындау үшін ұсынылған.

Жабынға кейінен бояулармен сырлау жолымен кез келген түс шешімі берілуі мүмкін.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚР ҚНЖЕ 3.02-29-2004 талаптарына сәйкес келуге, тегіс, құрғақ, жеткілікті берік, ластанулардан және жабысулықты төмендететін заттардан (шаңнан, майлардан, майлағыш майлардан, битумдық мастикалардан, берік емес лак-бояу жабындарын және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негіз қармен, мұзбен немесе қыраумен жабылмаған болуға тиіс. Негіздің берік емес, түсетін учаскелерін жою керек.



Негіздің тегіс емес жерлері сәндік сылақтың түйіршігі мөлшерінен аспауы тиіс.

Цемент негіздерінің ылғалдылығы 4%-дан аспауы тиіс. Бетонның жасы 3 айдан кем болмауы тиіс, цемент-әк және цемент-құм сылақтардың - кем дегенде 28 күн, СТ 190 «Қыс» немесе СТ 85 «Қыс» арматураланған қорғаушы қабаттарының - кем дегенде 7 күн болуы тиіс

+5°C төмен емес температура кезінде пайдалану қасиеттері мен жабынды салу ыңғайлылығын жақсарту үшін СТ 16 негізді астарымен өңдеу ұсынылады. Қатты сіңіргіш негіздерді алдымен СТ 17 астарымен, ал кепкеннен кейін СТ 16 астарымен өңдеп алу керек. +5°C-тан төмен температурада астарларды пайдалануды болдырмау керек!

Ылғалдылығы 1%-дан аспайтын гипс сылақтарды, гипсоқатырманы, АЖТ, ГТТ, (тек ішкі жұмыстар кезінде, +5°C төмен емес температурада) алдымен СТ 17 астарымен, ал кепкеннен кейін - СТ 16 астарымен өңдеп алу керек.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Пайдалану кезінде құрғақ қоспаның температурасы оң болуы тиіс. Теріс температуралар жағдайында жұмыс істеген кезде құрғақ қоспа алдын ала жылы үй-жайда ұсталуы тиіс.



Качество для Профессионалов

Қоспаны дайындау үшін, егер жұмыстар теріс температура кезінде орындалса, температурасы +25°C - +35°C, және оң температуралар кезінде - +15°C - +25°C таза судың өлшенген мөлшерін алады. Еріту судың мөлшерін талап етілетін консистенцияға және жағу шарттарына қарап таңдайды.

Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығарып, суға аздап құяды. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәттен бастап 1 сағат ішінде жұмсалуды тиіс.

Ерітінді қоспасының консистенциясын қайта араластыру есебінен ұстайды (су қоспаңыз!). Жұмыс кезінде тек тот баспайтын ыдыстар мен құрал-саймандарды пайдалану керек! Сылақты негізге тот баспайтын болаттан жасалған үккіштің көмегімен жағады. Үккішті бетке ~ 60° бұрышпен ұстау керек. Қабаттың қалыңдығы толтырғыштың түйірі мөлшеріне сәйкес болуға тиіс.

Бірнеше уақыт өткеннен кейін, қоспа құрал-жабдыққа жабысқанын қойғанда, сылақ фактурасын бетке қатаң параллель ұстайтын пластик үккіштің көмегімен құрастырады. Фактураны сылақ қабатын басынан бас тартып жеңіл сырғанау қозғалыспен қалыптастырады. Қозғалысы траекториясына байланысты көлденең, тік, көлбеу, айналма немесе айқас іздерді алуға болады. Талап етілетін фактураны алу үшін құрал-сайманның жұмыс бетін түмкіндігінше жиірек тазартып жүру қажет, оны ыдысына қайтармау керек. Үккіштің бетін сумен тазартуға немесе жібітуге болмайды!

Жұмыстарды бір бетте үздіксіз орындау керек. Қажет болған кезде жұмысты үзіп, сылақ қабатын бітіру керек сызығы бойында, бояу таспасын жапсыру керек. Содан кейін сылақты скотчтың үстінен өтіп, оған фактура беру керек және скотчты сылақтың қалдықтарымен бірге бірден жою керек.

Сылақ жабынды Ceresit бояуларымен сырлау орташа тәуліктік температура +10°C төмен емес орнатылғаннан кейін 14 тәуліктен ерте емес, немесе егер жұмыстарды орындау кезінде және олар аяқталғаннан кейін температура +5°C-тен төмен түспесе, 7 тәулік, сылақ жабынның ылғалдылығы 4%-дан артық болмаған кезде. Сырлауға дейін кем дегенде 4 сағат бұрын бетті СТ 17 астарымен астарлау ұсынылады.

Сылақтан жаңа қалған ластанулар сумен оңай кетіріледі, кепкендерді - тек механикалық әдіспен кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан артық болмаған кезде және ауа мен негіздің температурасы қасбеттердің жылу оқшаулау жүйелерінде -5°C-тан +20°C дейін немесе жылу оқшаулаусыз қасбеттерді 0°C-тан +20°C дейін болған кезде орындау керек. Жұмыстар аяқталғаннан кейін 3 тәулік ішінде температура ауа температурасының көрсетілген шегінде: -5°C-тан +20°C дейін сақталуы тиіс, ал сылақты жаңбырдан және мерзімінен бұрын кеуіп кетуінен қорғау керек. Егер таяудағы 3 тәулік ішінде температураның -5°C төмен төмендеуі мүмкін болса, қасбет бойынша сылау жұмыстарын тоқтату немесе қажетті температура пайда болғанға дейін қалдыру қажет.

Қасбеттерде жұмыс істеген кезде құрылыс сатыларын желден, жаңбырдан және күннен қасбеттік торлармен қорғау керек. Ғимаратта шатыр, суағарлар, су ағызғыштар орнатылуы тиіс.

Бір жазықтықта біртекті фактураны алу үшін әрбір қаптамада көрсетілген бірдей партия нөмірі бар сылақты пайдалану керек. Сылақты жертөлелерде қолдану ұсынылмайды.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМА

Ceresit СТ 35 «Қыс» сылағы 25 кг көп қабатты қағаз қаптармен жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Ceresit СТ 35 «Қыс» құрамы: минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент қоспасы	
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~1,5 ± 0,1 кг/дм ³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~1,6 ± 0,1 кг/дм ³
Араластыруға арналған судың көлемі:	~ 4,5 – 5,5 л 25 кг құрғақ қоспаға
Тұтыну уақыты:	~60 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +20°C дейін
Қысымдауға беріктігі:	кем дегенде 6,0 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі:	кем дегенде 1,6 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	кем дегенде 0,5 МПа
Отыру деформациясы:	2,0 мм/м артық емес
Конусты батыру бойынша	10,0 ± 2,0 см
Қатқан ерітіндінің аязға төзімділігі:	кем дегенде 100 цикл
CERESIT СТ 35 «ҚЫС» ШЫҒЫСЫ:	
түйірі 2,5 мм	2,5 - 3,0 кг/м ²
түйірі 3,5 мм	3,5 - 4,0 кг/м ²

